

ДИСКУРСТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Наурызбайқызы Г.¹, Садирова К.Қ.²

*¹докторант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: nauryzbaikyzy.kz@gmail.com,

²ф.ғ.д., профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: kulzat.sadirova@mail.ru

Аңдатпа. Лингвистиканың антропоэекті парадигма аясында қалыптасқан дискурсология бағытының қарастыратын негізгі мәселесі – дискурс. Дискурста ақпаратты ұсынудың түрлі стратегиялары ғана емес, шындықты когнитивті тұрғыдан бейнелеудің ұлттық ерекшелігі де көрініс табады. Соған сай ғылыми зерттеудің мақсаты – қазақ, орыс, ағылшын тілді дискурстың ұлттық ерекшеліктерін бойтұмар, хан, байлық сөздері мен оларға қатысты мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестерін дискурстық бірлік сапасында салғастыра талдау арқылы анықтау. Негізгі бағыттары мен идеялары: қойылған мақсатқа қол жеткізу барысында ұсынылған мәселеге қатысты еңбектерге ғылыми-теориялық шолу жасалып, зерттеу материалдарына концептуалды және дискурстық талдау жұмыстары жүргізілді.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығы ұлттық дискурстың ерекшеліктерін нақты тұжырымдаумен анықталады: 1) ұлттық дискурста тіл арқылы халықтың ұлттық мінез-кұлқы тілді игеруші тарапқа сіңіріледі; 2) ұлттық дискурста тілдік тұлға өз халқының қоғамдық санасы, өмір сүру салты, мораль мен құндылықтары, әлемді сезінуі мен қабылдауы арқылы қалыптасады; 3) ұлттық тіл жүйесі ұлттық мінез-кұлқыты айқындайтын дереккөз қызметін дискурста жүзеге асырады. Жұмыстың практикалық маңыздылығы қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі үш сөзді салғастыра әрі концептуалды талдаудың нақты үлгісінің ұсынылуымен, сол арқылы өзге де осындай бағыттағы жұмыста пайдалануға жарамдылығымен анықталады.

Зерттеу әдіснамасының қысқаша сипаттамасы. Зерттеу материалы сапасында алынған бойтұмар, хан, байлық сөздері мен оларға қатысты мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері когнитивтік және лингвомәдени аспектіде зерттелді. Аталған бірліктердің түсіндірме, синонимдік, фразеологиялық сөздіктерде тіркелген мағыналары мен олардың ақпараттық мазмұны мен когнитивтік бейнесі сабақтастықта, концептуалды және дискурстық талдау әдісін қолдана отырып зерделенді.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдауы, қорытындылары: әр тілдегі бір лексикалық бірліктің астарында оның тарихы мен мәдениетінің қойнауында туындайтын әртүрлі ұғымдар сақталған. Дискурстың ұлттық ерекшеліктерінің дамуына мәдени, лингвомәдени, тарихи, психологиялық, әлеуметтік факторлар тікелей әсер етеді. Талдау нәтижесі дискурстың ұлттық ерекшеліктерінің тікелей көрінуіне тіл және сол тілді сөйлеуші мәдениеттің шешуші қызмет атқаратындығын көрсетті.

Зерттеудің құндылығы дискурсты когнитивтік және лингвомәдени аспектіде, әрі қазақ, орыс, ағылшын тіл бірліктерін салғастыра талдау арқылы зерттеу дискурсологияның теориялық тұжырымдарын толықтырады, жетілдіреді. Жұмыс қорытындысын дискурсты когнитивтік және лингвомәдени, салғастыра зерттеу мақсатындағы өзге де зерттеулерге пайдалануға болатындығы практикалық маңызын айқындайды.

Тірек сөздер: антропоэекті парадигма, дискурстық бірлік, концептуалды талдау, ұлттық дискурс, мәдениет, тілдік ұжым, когнитивтік бейне, концепт

Негізгі ережелер

XXI ғасырда лингвистиканың жаңа бағыттары деген атау орнықты. Бұл атаудың қолданысы тілді зерттеу парадигмасының ауысуымен байланысты туындады. Қазіргі тіл білімі парадигмасының мақсаты – «тілді адамды тану» мақсатында зерттеу, сондықтан да ол «антропоөзекті» сипатқа ие деп саналады. Парадигманы зерттеуші ғалымдар оның негізгі белгілерінің бірі пәнаралық сипаты екенін көрсетеді [1, 28 б.]. Сонымен бірге ғылыми зерттеулерде антропоөзекті парадигмаға енетін лингвистиканың 24 бағыты көрсетіліп, олардың зерттеу пәнінің сипаттамасы беріліп жүр [2, 353-354 бб.]. Соның ішінде қалыптасып, орныққан лингвистикалық бағыттың бірі – дискурсология немесе дискурс теориясы. Оның негізгі зерттеу пәні – дискурс, белгілі бір уақыт пен кеңістік мәнмәтініндегі коммуникативтік оқиға. Ол тілсіз жүзеге аспайды. Сондықтан дискурс пен тіл тығыз байланыста талданады. Дискурста қозғалысқа түскен тіл бірлігі дискурстық бірлік ретінде танылады. Біз ұсынып отырған мақаламызда осы бағыттағы тұжырымдарға сүйене отырып дискурстың ұлттық ерекшеліктерін қазақ, орыс, ағылшын тілі материалдарын, нақты айтқанда, *бойтұмар*, *хан*, *байлық* сөздеріне қатысты мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестерін дискурстық бірлік сапасында алыпталдау арқылы анықтадық.

Кіріспе

Дискурс түрліше түсіндіріліп жүр, оның 300-дей анықтамасы бар. Дискурсқа қатысты жиі қолданылатын анықтамалардың қатарына ғалым Н.Д. Арутюнованың пікірін жатқыза аламыз. Ол «Дискурс – экстралингвистикалық, прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және т.б. факторлардың жиынтығы негізінде байланысқан мәтін, мақсатталған әлеуметтік әрекет» [3, 136 б.] «Дискурс – қолданыстағы сөз» [3, 137 б.] деп көрсетеді.

Кең мағынада дискурс тілді белгілі бір жағдайларда қолдану процесі ретінде түсініледі. Дискурс – тілдік жағдаятқа, адресантқа, адресатқа тікелей байланысты ұғым. Ол белгілі бір уақыт пен кеңістікте сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы айтылымдардың жиынтығынан тұрады. Осы айтылымдар дискурсқа түсушілердің бәріне түсінікті, олардың танымдық біліміне сай келуі шарт. Мұндай шарттың орындалуын туғызатын – ұлттық тіл жүйесінің тілдік тұлғалар тарапынан толықтай игерілуі. Егер қолданылған тіл бірлігінің ұлттық мәдени мазмұнын дискурсқа түсушілердің бірі түсінбесе, қарым-қатынас сәтсіз, сөз әрекеті нәтижесіз болады. Ұлттық мәдени мазмұнға ие тіл бірліктері дискурстың ұлттық ерекшелігін танытады. Дискурстың ұлттық ерекшелігін зерттеу мәселесі қазақ тіл білімінде арнайы әрі жеткілікті зерттелмеген деуге болады. Жалпы тіл білімінде ұлттық дискурстық стиль, оның орыс және ағылшын тілді іскери дискурстағы көрінісі (Национальный дискурсивный стиль: англоязычный и русскоязычный деловые дискурсы (А.О. Стеблецова), ұлтшылдық дискурсы (М.С. Головин), қазіргі неміс қоғамындағы ұлттық дискурс мәселесі (Ольга Хауер-Тюкаркина. Дискурс национального в современном немецком обществе) т.с.с. мәселелер ғылыми зерттеулерде талданып жүр. Бірақ қазақ тіл білімінде бұл мәселенің арнайы зерттеу

нысанына айналмағаны, сонымен бірге ұлттық тіл жүйесінің дискурста ұлттық ерекшелік сапасында көрінуі мен ұлттық тілдік тұлғаны қалыптастыруға ықпалы, ұлттық болмыс пен білімді, дүниетанымды ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдайтын ұлттық мәдени мазмұнға ие бірліктердің дискурстағы қолданысы мен мәні т.с.с. мәселелерді зерделеудің маңыздылығы ұсынылып отырған *зерттеу тақырыбының өзектілігін* негіздейді. Біз ұсынып отырған зерттеуіміздің мақсатын да осыған сай анықтадық: қазақ, орыс, ағылшын тілді дискурстың ұлттық ерекшеліктерін *бойтұмар, хан, байлық* сөздері мен оларға қатысты мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестерін дискурстық бірлік сапасында салғастыра талдау арқылы анықтау. *Бойтұмар* сөзінің ұлттық мәдени мазмұны қазақ тіліне ғана тән болса, ал *хан, байлық* сөзінің баламалары үш тілден табылғанымен, олардың семантикасында, ақпараттық мазмұны мен когнитивтік бейнесінде айырмашылықтар анықталды.

Ұлттық мінез-құлық мәселесі туралы С.Г. Тер-Минасова сөз қозғайды. Белгілі бір халыққа тән ұлттық мінез-құлықты айқындайтын дереккөздерге халықаралық анекдоттар, классикалық әдебиет, фольклор немесе халық ауыз әдебиеті, ұлттық тіл жүйесі жатады [4, 180 б.]. Расымен де, фольклор немесе халық ауыз әдебиеті ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, сол халыққа тән арман-қиял, мінез-құлықты қамтиды. Ал әрбір тілдің өзіндік жүйесі, фонетикалық, морфологиялық деңгейде болсын сол тілге тән ұлттық мінез-құлықты көрсетеді.

В.И. Карасик тұлға – концепт – дискурс арақатынасына тоқтала отырып, дискурсты үш түрлі аспектіде қарастырады [5, 199 б.]. Біріншісі: дискурсты – мәтін мен коммуникативті жағдайдың бірлігі деп, не туралы сөз қозғалып отыр немесе ақпарат қалай беріліп отыр деген мәселелерді қамтиды. Екіншісі: дискурс – бұл санасында белгілі бір идеялары мен концептілері бар нақты бір адамдар типінің өзара арақатынасы. Үшіншісі: *қалай?* деген сұраққа жауап береді. Бұл тұрғыда ақпарат реңкіне мән беріледі.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Берілген мақаланың мақсаты түрлі мәдениеттердің өзіндік ұстанымдары мен ұлтаралық байланыстардың қарқындылығын ескере отырып, дискурстық бірліктердің ұлттық ерекшеліктерін көрсету болып табылады. Әрбір ұлттың дүниетанымы мен ерекшелігі оның ұлттық тілі арқылы дискурста танылады. Сондықтан зерттеу материалы сапасында қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі *бойтұмар, хан, байлық* сөздеріне қатысты мақал-мәтелдер, тіркестер дискурстық бірлік ретінде алынды. Дискурстық бірліктерді талдауда келесі әдістерді пайдаландық:

Концептуалды талдау – концептінің ақпараттық және мәдени маңыздылығын анықтап, оның ментальды өрісін құрайтын компоненттердің құрамын анықтайтын когнитивтік лингвистиканың әдісі. Концептуалды талдаудың екі құрылымы бар: семантикалық және құрылымдық. Семантикалық құрылымында түсіндірме, синонимдік, фразеологиялық сөздіктермен жұмыс жасалса, құрылымдық деңгейде ақпараттық мазмұн мен когнитивтік бейнеге мән беріледі.

Дискурстық талдау барысында тіл формасы мен қызметі қарастырылады.

Дискурстың ұлттық ерекшеліктерін анықтау мақсатында таңдалған зерттеу материалдары когнитивтік және лингвомәдени аспектіде қарастырылады. Бұл бір мәдениеттегі тілдік бірліктермен концептілерді, олардың ұлттық құндылықтарын және ерекшеліктерін «тілден мәдениетке қарай» бағытында және танымдық білімге сай зерттеу деген сөз.

Нәтижелер

Ұлттық дискурстың өн бойында қоғамның мәдени және әлеуметтік құрылымының ерекшелігі мен көрсеткіші және тарихи ақпарат сақталады. Осы тілдік жүйенің тілде сақталуына дәлел ретінде ағылшын және орыс, қазақ тілдеріндегі «king», «царь», «король», «патша», «хан» дискурстық бірліктің берілуімен салыстырып көрелік. Айта кететін мәселе, «king» концептісі қазақ тіліне «патша», орыс тіліне «король» деп аударылғанымен, берілген тілдік ұғымдарда өзіндік өмір-салты мен мәдениетіне сай «хан» және «царь» ұғымдары кеңінен қолданылған.

Концептуалды талдаудың семантикалық құрылымына сәйкес алдымен, үш тілдегі берілген бірліктердің түсіндірмелі сөздіктердегі анықтамаларына тоқталайық:

Хан – 1) Билеушінің титулы [6, 597 б.]; 2) Байырғы хандық мелекеттегі ең жоғары лауазым, билік иесі, ел билеушісі [7, 152 б.].

Патша – 1. Патшалық Ресейдің билік иесі; монарх. 2. Ең құдіретті, ең мықты адам [8, 328 б.].

Король – Один из титулов монарха, а также лицо, имеющее этот титул (Монархтың титулдарының бірі, сондай-ақ осы атаққа ие адам) [9, 421 б.].

Царь – Единовластный государь, монарх, а также официальный титул монарха; лицо, носящее этот титул (жалғыз өзі билейтін патша, монархтың ресми титулы, осы атаққа ие адам) [9, 693 б.].

King – a: a male monarch of a major territorial unit, especially: one whose position is hereditary and who rules for life (әсіресе, лауазымы тұқым қуалайтын және өмір бойы билік жүргізетін ірі аумақтық бірліктің ер монархы); b: a paramount chief (жоғары басшы) [10, 751 б.].

Анықтамаларға сәйкес, хан қазақ тілінде билеуші, әмірші, орыс тілінде монарх титулдарының және сол титулға ие тұлға ретінде, ағылшын тілінде де монарх, бірақ сонымен қатар өмір бойы билік ететін деп түсіндіріледі.

Синонимдік сөздіктермен жұмыс жасау барысында қазақ тілінде хан ұғымына жақын ұғымдар ретінде *сұлтан*, *би*, *патша сөздері*, орыс тілінде *царь*, *король*, *государь*, *монарх*, ағылшын тілінде *monarch*, *Crown*, *Lord*, *majesty* ұғымдары анықталды. Демек, үш тілде де ел басқарушысы ретінде түсіндіріледі, тарихқа көз жүгіртсек Ресей мен Англияда монархиялық билік болғандықтан хан «монарх» ұғымымен теңдестіріледі.

Қазақ тілінде берілген дискурстық бірліктің қолданылу ерекшеліктеріне тоқталайық. Қазақ тілінде *ақ киізге көтеріп хан сайлау*; *хан көтеру*, *хан сайлау*, *хан сарқыты* тіркестері бар. А.И. Левшин қазақтардағы *Хан көтеруді* өз

еңбегінде былай дейді [11, 126-127 бб.]: “Таққа үміткер сұлтандар мен ақсүйектердің көпшілігінің келісімін алған соң, хандықтағы ең беделді сұлтандар мен билер оны жұқа ақ киізге отырғызған, киіз шетінен ұстап үш рет көтеріп, бірнеше рет “Хан! Хан! Хан!” деп айқайлаған”. Бұл – қазақ халқы ханды ұлы әмірші ретінде қабылдап, оны пір тұтқандығының дәлелі. Осы дискурс не коммуникативтік оқиға өз кезегінде бұл тілде көрініс тауып отыр. Аталмыш дискурстық бірліктер қазір өзектілігін жоғалтқанымен, тарих пен мәдениеттің дәлелі болып табылады. Сол сияқты басқа да мысалдар келтірейік:

Хан соқыр болса, халық та соқыр болады;

Хан – қарақшы, халық – орақшы;

Хан халықтан үлкен емес;

Хан – ел иесі, жұрт тұлғасы.

Ресейде де, Англияда да ғасырлар бойы негізгі басқару жүйесі монархиялық билік болды. Бір қызығы, екі елде де монархия күшпен құлатылып, төңкеріс негізінде жойылды. Қазіргі таңда Ұлыбританияның басқару формасы парламенттік монархия болып табылады. Әлі күнге дейін халық санасында осы дискурстық бірлік даңқтың, патшалық пен корольдік асақ биліктің, монархтың марапатталуымен бейнеленеді. Мысалы, ағылшын тілінен мынадай бірліктерді кездестіреміз.

The King can do no wrong;

The King’s words are more than another man’s oath;

God save the King.

Мұндай бірліктердің саны жетерлік. Бұларға ортақ нәрсе, патшаның заңнан әрдайым жоғары тұратындығымен түсіндіріледі және ол өзімен тікелей байланысты кез келген әрекеттерге жауап береді. Халық оған сенгендіктен Құдайдан оны аман сақтауын сұрайды.

Орыс тіліндегі мақал-мәтелдерге де назар аударсақ, патша бәрінен де жоғары тұрады. Оны әділ шешім қабылдаушы, билеуші ретінде қабылдайды. Орыс халқы үшін «царь» мемлекеттің ең ұлы тұлғасы болып саналды. Оның бейнесінің халық арасында үлгі болғандығы сонша, олар өздерінің билеушісінен ақылды адам жоқ деп есептеді. «Царь» бейнесін халық санасында дәріптеудің үлгілері мақал-мәтелдерден-ақ көрініп тұр және негізінен оң мағынаға ие: милосердный (қайырымды), справедливый (әділ), т.б.:

Боже, царя Храни;

Без царя народ сирота;

Где царь, тут и правда.

Концептуалды талдаудың құрылымдық деңгейінде қарастыралытын мәселелер: ақпараттық мазмұн мен когнитивтік образ.

1. Ақпараттық мазмұн. Үш тілде де тандалып алынған «хан» концептісінің анықтамасы ақпарат пен мазмұннан құралады. Сөздіктердегі анықтамаларға сәйкес қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі анықтамалар бір-біріне сай келеді.

2. Концептінің құрылымындағы образ компоненті сезім мүшелерінің көмегімен шындықты бейнелеудің нәтижесі болып табылатын перцептивтібейнеден және шындықты метафорикалық пайымдаудың нәтижесі болып табылатын когнитивті (метафорикалық) бейнеден тұрады.

Талдау жұмыстары көрсеткендей, қазақ, орыс және ағылшын когнитивті сана-сезімі «хан» концептісін *қуаттылық, ақылдылық, жауыздық* сияқты көптеген адами қасиеттерменбайланыстырады. «Хан» концептісінің мазмұнын ашуда анықталған когнитивтіобраздар оның құрылымын құруға қатысатын когнитивті белгілер ретіндеқарастырылған. Берілген концептінің жалпы бейнесі үш тілде мынадай белгілермен көрсетілген (1-кесте):

1) **Қуаттылық.** Қай халықта болмасын хан әуелі билеуші, әмірші, билігі бар, зор күшке ие тұлға ретінде қабылданады. Сол себепті бірліктердің көп саны үш тілде де осы когнитивтік образдан табылып отыр.

2) **Ақылдылық.** Ең жоғары билік иесі болғандықтан, ханның беделін арттыратын қасиеті – оның ақылы. Халық ханның әрдайым әділ әрі дұрыс шешім қабылдайтындағына сенген.

3) **Жауыздық.** Өзін лайықты ұстап, әділдігімен халық арасында аса құрметке ие болған хандармен қатар, ашуы келсе ешкімді аямайтын, қатал мінезімен танылған билеушілердің бар болғандығын растайтын бірліктердің саны да аз емес.

1-кесте. «Хан» концептісінің мазмұнын ашуда анықталған когнитивті образдар

Образ	Қазақ	Орыс	Ағылшын
Қуаттылық	Хан – Алланың жердегі елшісі; Хансыз ел жетім. Хан екі айтпайды.	Всякая вещь перед царем не утаится; Воля Божья, а суд царев.	Kings have long arms; The King's words are more than another man's oath.
Ақылдылық	Ханда қырық кісінің ақылы бар; Хан ақымақ болса, халық күйзеледі.	Народ - тело, царь - голова; Без бога свет не стоит, без царя земля не правится.	The King can do no wrong; If every fool wore a crown, we should all be kings
Жауыздық	Хан істеген зұлымды, Жан істемес өмірде; Хан сырын білгеннің қаны төгіледі.	Гнев царев - посол смерти; Грозно, страшно, а без царя нельзя.	King of terrors; It is better to be without a king than [to have] a bad one
Сыйластық	Хан халықтан үлкен емес; Ханын сыйламаған ел азады.	-	-

1-кестеден көрініп тұрғандай үш ұлтқа да ортақ когнитивтік образдар: Жауыздық, ақылдылық және қуаттық. Дегенмен де, бірліктерді талдау барысында анықталған тағы бір образ *сыйластық* образы тек қазақ тілінде көрініс тауып тұр. Қазақтарда отбасында, жалпы қоғамда да қарым-қатынас«үлкен – кіші» қағидасы бойынша құрылады, соған орай «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген сөз орныққан. Бұл қағида адам тәрбиесінің негіздерінің негізі болып табылады. Бала кезінен отбасындағы әрбір балаға: «Үлкенді құрметте, тыңда» деп өсиет айтылатыны сөзсіз. Ал бұл өз кезегінде

тілде көрініс табады. Ханға қатысты тіркестердің өзінен тәрбиеде сыйластыққа үлкен мән берілетіні көрініп тұр.

Ұлттық дискурстағы тағы бір байқайтын деталь – ұлттық тіл жүйесінің ұлтты айқындаушы жүйесі. Ұлттық тіл жүйесі – белгілі бір халыққа тән ұлттық мінез-құлықты айқындауға септігін тигізетін, сенімді әрі ғылыми тұрғыда дәйектеуге болатын дереккөздердің бірі. Ұлттық тілдің өн-бойында сол тілде сөйлейтін ұлт өкілдерінің мінез-құлқы бейнеленеді, ұлттық мінезді қалыптастыруға негіз болады.

Адамгершілік қасиеттердің жағымды не жағымсыз сипатқа ие болатын идиомалар жүйесін қарастыра отырып, сол халықтың ұстанатын этикалық нормаларын, қоғамдық тәртіп пен әлеуметтік өмір салтын ұстанудың ережелері, өз мәдениеті арқылы өзге мәдениеттерге көзқарастарын, қарым-қатынастарын тануға болады. Мәселен, орыс халқының байлық деген ұғымға қатысты көзқарасы мен соған қатысты «байлық» дискурсын қарастырып көрелік. Мәселен, орыс халық ертегілерінде бай болу – жаман, кедей болу – жақсы, өйткені орыстың барлық ертегілерінде байлар – жаман, кедейлердің бәрі керемет. Осыдан келіп-ақ орыс мәдениетіндегі байлыққа қатысты ұғым мен батыс мәдениетіндегі байлыққа қатысты ұғымның бір-бірімен мүлде астаспайтынын, орыс мәдениетіндегі материалдық байлықты менсінбеушілікті байқаймыз.

Түсіндірме сөздікте **богатство** лексемасына мынадай анықтамалар беріледі [8, 235 б.]: 1. Материалдық құндылықтардың көптігі (ақша, зергерлік бұйымдар, жылжымайтын мүлік және т.б.); 2. Табиғи материалдық құндылықтар, табиғи ресурстар; 3. Моральдық және мәдени құндылықтардың жиынтығы.

Орыс тілінде ежелден байлықтың өткінші дүние екенін паш ететін, оның адам санасына кері ықпалы мен зияны жайында мақал-мәтелдер, нақыл сөздер өте көп. Мәселен: *Лучше капля ума, чем вдоволь богатство* (Көп байлықтан бір тамшы ақыл артық); *Богатство вода, пришла и ушла* (Байлық – су, келді де кетті).

Орыс тілділердің байлыққа деген дәл осындай көзқарасын мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестерінен көруге болады. Орыс халқында байлықтың өткінші нәрсе екендігі, тіпті халықтың байлыққа ұмтылмайтындығының өзі «байлық» сөзінің ұлттық дискурстағы ерекшелігі десек те болады.

Қазақ тілінің байлық сөзі орыс тіліндегі «богатство» сөзімен теңбе-тең емес. Кезінде мың жылқысы бар адамның өзін бай деген, бай деп өз отбасына, шыққан жеріне қамқор болған адамды айтқан. Әйтеке бидің «Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін» деген сөздері осының дәлелі. Түсіндірме сөздікте *байлық* сөзінің үш мағынасы берілген: 1) денсаулық; 2) заттық байлық; 3) ақыл-ой байлығы [12, 485 б.].

Қазақ тілінде *байлық қолдың кірі, байлық қолға ұстаған мұз емес* не деген айтылымдар кездеседі. Мұның өзі қазақ халқы әрқашан дүниеқоңыздыққа түсіп кетпеу керектігін айтып отырғанының дәлелі.

Сонымен қатар, «*бірінші байлық денсаулық*» дегенді жиі естиміз. Бұл заттық байлықтың бірінші орында еместігін көрсетеді.

Ал ағылшын тілінде байлық сөзінің эквиваленті болып *wealth* лексемасы табылады. Ағылшын тілінің сөздігіне сәйкес «байлық» лексемасы мынадай мағына береді [13, 1278 б.]: 1. белгілі бір ақшаның, мүліктің және т.б. көп мөлшері; молшылықтағы өмір; 2. бір нәрсенің көп мөлшері немесе сомасы». Сөздіктермен жұмыс жасау барысында ағылшын тілді қоғамдастық үшін байлық ең алдымен жайлы өмір сүруді қамтамасыз ете алатын материалдық құндылықтармен байланысты деген қорытынды жасауға болатындығы анықталды. *A heavy purse makes a light heart* (Қалтаң қалың болса, жүрекке жеңіл тиеді) *Never too much of a good thing* (Жақсы заттар ешқашан артық етпейді) деген мақалдардан ұғатынымыз ағылшын тілді этникалық топ үшін материалдық және қаржылық әл-ауқат маңызды мәселелердің бірі болып табылады және олар үшін байлық ешқашан да артық етпейді. Дегенмен де, сирек болса да, қазақ тіліндегідей ауыспалы мағынада кездесетін тұстары да бар: *Good health is above wealth* (Денсаулық байлықтан артық), *Better be born lucky than rich* (Бай болып туғаннан, бақытты болып туған артық).

Үш тілдің мақал-мәтел қорын салыстыру нәтижесінде *байлық*, *хан* ұғымдарының ортақ және әртүрлі белгілері бар деген қорытындыға келуге болады. Үш тілде де *хан* билеуші, жоғары күш иесі деп түсіндірілгенімен, әр тілде өзіндік лексеманың қолданылуының өзі ұлттық ерекшелікті көрсетеді. Сондай-ақ, халықтың когнитивтік сана-сезімдерінде де ерекшелік байқалды, қазақ тілінде *сыйластық* образы анықталды. Ал *байлық* дискурстық бірлігі ағылшын мәдениетінде материалдық құндылықтарға аса мән берілетіндігі анықталған болса, орыс тілі мен қазақ тілінде *байлық* көбіне ауыспалы мағынада қолданылатындығы байқалды.

Талқылау

Тіл мен мәдениет - дискурстың орындалуына қажетті шарт. Т.А. ван Дейк дискурсты әлеуметтік мәдени әрекеттесудің маңызды құрастырушысы деп таниды. Дискурста менталитет пен ұлттық, жалпыхалықтық және жеке адами мәдениеттің көрініс беретіндігін атап көрсетеді [14, 12 б.]. Ал дискурс болса – тілдік әрекеттесу үрдісі мен оның нәтижесі, мұндағы тілдік әрекет үрдісі дегеніміз – коммуникация, ал тілдік әрекет нәтижесі – мәтін. Оған нақты мынадай мысалды келтірсек болады. Қазақ халқының танымында **бойтұмар тағу** деген дәстүр бар. «*Бойтұмар* – тіл-көзден сақтау үшін мойынға не киімге тағатын ерекше қасиетті саналатын бұйым немесе дұға сөз жазылған үш бұрыштап сыртын матамен қаптап тіккен қағаз» [15, 331 б.]. Бойтұмар қазақ үшін жай ғана әшекей құралдың бірі ғана емес, ол бұл жерде мәдениет тасушы, сенімі мен танымын көрсетуші құрал. Оған қазақ халқының ауызша және жазбаша дискурсында сақталған дискурстық мәтіндер дәлел (туған жерінің топырағын бойтұмарға салып алу, балаға бойтұмар тағу, т.с.с). Бойтұмар – ол сенім. Сондай-ақ, ерекше қадір тұтатын нәрселерді де бойтұмар деп атап кеткен. Ал өзге ағылшын, орыс ұлт өкілдері үшін бойтұмар ешқандай мәнге ие емес. Олай болса дискурсты тіл жасайды және әлеуметтік тәжірибесі мен

өмір сүрудің ұлттық үлгісі коммуникант бола алады. Ал тілдегі дискурстың жасалуы сол тілде сөйлеуші ұлттың мәдениеті мен күнделікті өміріне байланысты. Тіл – белгілі бір ұжымның қоғамдық санасының айқын дәлелі болатын құрал. Ұлттың ұжымдық, қоғамдық санасын, дәстүрін, мәдениетін жеткізе отырып, адамдардан этнос пен ұлтты қалыптастыратын қуатты мәдени қару боп саналады. Этностың негізгі ерекшелігінің басты айырымы – тіл. Тіл – болмысты танудан бөлек, болмысты бейнелеу құралы болып табылады. Ұлттық дискурстың ең басты ерекшелігі – оның коммуникативті жағдаятта қалыптасып, уақыт өткен сайын түрленіп, дамып отыруында. Бұл орайда тілдің қызметі коммуникативті жағдаятта көрінеді. Ал қарым-қатынас сол әрекеттесуші тараптың өмірлік қажеттілігіне сай пайда болады. Демек, ұлттық дискурстағы тілдік тұлға – адам мен оның айналасындағы шынайы өмір мен оның шарттары ғана емес, сонымен бірге сол халықтың қоғамдық санасы, ділі, өмір сүру салты, мораль мен құндылықтары, әлемді сезінуі мен қабылдауы арқылы қалыптасады. Мәселен, ежелгі орыс тілінде шетелдіктің бәрін «*неміс*» деп атады. XII ғасырдағы орыс мақалында «*Аглинские немцы не корыстные люди, да драться люты*» (*Ағылшындық немістер өзіміз емес, бірақ сұмдық төбелеседі*) деген мысал кездеседі [4, 25 б.]. Бір қызығы, неміс сөзінің түбірі – нем, мылқау, яғни – сөйлей алмайтын адам сөзінен шыққан. Ал, қазіргі орыс тілінде де «неміс» сөзі бөтен, жат мағынасында қолданылады. Қазақ тіліндегі *неміс* сөзі де орыс тіліндегі *немец* сөзінен аударылған. Неміс халқы Ресей жеріне қоныс аударып бастағаннан кейін, қазақ жерінде де шоғырлана бастайды. Қазақ халқы оларды бөліп-жармай, оларға пана беріп, асымен бөлісті. Дегенмен де, екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашизм орын алған уақытта оларға қатысты теріс пікірлер қалыптаса бастады:

Ел тозғанда талықсып «Жеңіс» келді,

Намыс жеңді **Фашистік немістерді.**

Жетім-жесір көбейді ауылымда,

Бітеу жара тым баяу тегістелді (Қ. Салықов)

Тіл – қатал ұстаз. Ол өзінде қалыптасқан идеяларды, пікірлерді, мәдени қабылдау модельдері мен іс-әрекеттерді таңудан танбайды. Белгілі бір тұрғыдан алғанда адам – өз ана тілінің құлы, нәресте шағынан ата-анасы сөйлейтін тілдің ықпалына түсіп, өз еркінен, қалауынан тыс түскен ұжымның тілімен бірге мәдениетін де бойына сіңіруге мәжбүр болады. Ұлттық дискурстағы тағы бір ерекшелік, ол – тіл арқылы халықтың ұлттық мінез-құлқын тілді игеруші тарапқа сіңіруі. Мәселен, қазақ халқының ежелден көшпенді салт ұстанғаны тарихтан белгілі. Халықтың өмір сүру кезеңінде оның жанындай біте қайнасқан дүние – төрт түлік. Тілдегі көптеген сөздер мен психологиялық, социологиялық, т.с.с. бірліктердің білдіретін мағыналары осы мәдениетпен астасып жатқанын көреміз. Оған *ат тонын ала қашу, желке жүндері үрпнису, жал біту, танауымен көк тіреу, көк ала қойдай сабау* секілді толып жатқан тіркестерді көре аламыз. Және осы арқылы қазақтың дүниетанымынтүсіне аламыз.

Бұдан ұғатынымыз: ұлттық дискурстың бір ерекшелігі –мәдениетпен, біз өмір сүретін қауымдастықпен тікелей байланысты болуы. Дискурс тек ақпарат

беріп қана қоймайды, танымдық процесс ретінде дискурс ақпаратты ұсынумен қатар оны қабылдау ерекшеліктерін де қамтиды. Берілген ақпаратты дұрыс қабылдаудың негізгі шарттарының бірі – коммуникацияға қатысушылардың когнитивтік базасы, тілдік ұжымның айтылған мәселеге қатысты белігілі бір білімі мен түсінігінің болуы.

Тіл адамның жан-дүниесі мен мәдениетін бейнелеумен ғана шектелмейді. Мәдениетті сақтап, оның мазмұнын өзгертіп келесі ұрпаққа жеткізу – аса маңызды қызметтерінің бірі. Демек, ұлттық дискурсты зерттеуде бір ескеретін жайт – тілдің ұлттық мінезді қалыптастырушы фактор екендігі. Тілдік пен концептуалдықтың басты шарттарының қатарына уақыт категориясы жатады. Ұғымдардың сол халықтың ұжымдық мәдениетіне сай екендігі және сол дискурстың уақыт өте келе өз мәнін ауыстырып отыратындығына көз жеткіземіз. Тіркестерді зерттей отырып ұлттық дискурстың мазмұнынан ұлттың өзіне тән мінезін де байқаймыз.

Қорытынды

Мұстафа Шоқайдың «Кім қай тілде білім алса, сол ұлтқа қызмет етеді» деген сөзі бар. Дәл осы сөз ұлттық дискурстың алатын мазмұны мен қамтитын шекарасын анықтап береді. Халықтың мәдениетін – тіл көрсетеді, мәдениет тілді жасайды. Қорыта айтқанда, ұлттық дискурстағы барлық ерекшеліктерді тіл арқылы және сол тіл арқылы берілген мәдениет арқылы ғана білеміз. Тіл – жалпы әлемді көрсететін экран ғана емес, сонымен қатар адамның дүниетанымдық әлемін бейнелейтін айна да. Бұл жағдайда әлем дегеніміз – адамды қоршаған шынайылық. Тіл – бір мезетте өз мазмұнына адамның өзін, оның өмір сүру салтын, оның мінез-құлқын, өзгелермен қарым-қатынасын, жер-жаһандағы мәдениет пен құндылықтарды шоғырландырған жүйе. Тіл айна ретінде екі әлемді де: адамнан тыс, яғни оны қоршаған әлемді және адамның ішкі әлемін, яғни өзі жасаған әлемін танытады.

Тіл мен мәдениет дискурс барысында сөзге айналса, дискурс осы қозғалыстағы тілдің санаға әрекеттесу нәтижесін тілге мәтін күйінде қайта әкеледі. Сөйтіп әр тілдік тұлға мен тіл тұтынушысындағы тіл мен коммуникативтік мақсатына сай түзілген сөз дискурста өзара өріліп, қозғалыстан қалыпты күйге түскенде мәтінге айналады. Ол мәтін – тіл бірлігі, жазбаша, дискурста әріппен таңбаланса, ауызша дискурста ойда сақталған, естілген сөз мәтіні сипатында таңбаланады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Демьянков В.З. Парадигма в лингвистике и теории языка//Горизонты современной лингвистики: Традиции и новаторство – Москва: Языки славянских культур, 2009. – С. 27-37.

[2] Сабитова З.К. Новые лингвистические направления XX-XXI вв.// <https://www.ejournals.eu>

[3] Арутюнова Н.Д. Дискурс. Речь. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Научное издательство «Большая Российская энциклопедия», 2002.

[4] Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 бет.

- [5] Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- [6] [Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.](#)
- [7] Жаңабекова А., Жанұзақ Т., Әбілқасымов Б. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том.– Алматы, 2011.– 828 б.
- [8] Үдербаев А., Нақсбеков О. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том.– Алматы, 2011. – 752 б.
- [9] Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. – М.: Мир и образование, 2011. – 736 с.
- [10] Collins Cobuild Advanced Learner's English Dictionary. Glasgow: HarperCollins Publishers, 2003. – 1744 p.
- [11] Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей // Этнографические известия. – СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832.– 304 с.
- [12] [Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 856 б.](#)
- [13] Oxford Advanced Learner's Dictionary of Current English. – Oxford University Press. – 1995.
- [14] Дейк Ван Т. Язык. Познание. Коммуникация. – Москва, 1989. – 312 с.
- [15] Сүйеркұлова Б., Жанұзақ Т., Жұбаева О. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. – Алматы, 2011. – 744 б.

REFERENCES

- [1] Dem'yankov V.Z. Paradigma v lingvistike i teorii yazyka // Gorizonty sovremennoi lingvistiki: Traditsii i novatorstvo (Paradigm in Linguistics and Theory of Language // Horizons of Modern Linguistics: Traditions and Innovation). Moskva: Yazyki slavyanskikh kul'tur, 2009. S. 27-37. [In Rus.]
- [2] Sabitova Z.K. Novye lingvisticheskie napravleniya XX-XXI vv. (New linguistic directions of the XX-XXI centuries) // <https://www.ejournals.eu> [In Rus.]
- [3] Arutyunova N.D. Diskurs. Rech'. Lingvisticheskii entsiklopedicheskii slovar' (Discourse. Speech. Linguistic encyclopedic dictionary). M.: Nauchnoe izdatel'stvo «Bol'shaya Rossiiskaya entsiklopediya», 2002. [In Rus.]
- [4] Ter-Minasova S.G. Tіл және мәдениетаралық коммуникация (Language and intercultural communication). Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. 320 б. [In Kaz.]
- [5] Karasik V.I. Yazykovoі krug: lichnost', kontsepty, diskurs (Language circle: personality, concepts, discourse.). Volgograd: Peremena, 2002. 477 s. [In Rus.]
- [6] Mamyrbekova G. Qazaq tılındegі arab, parsy sözderınıñ túsındırme sözdığı (An explanatory dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language.). Алматы. Memlekettik tıldı damytu instituty, 2017. 656 b. [In Kaz.]
- [7] Jañabekova A., Janūzaq T., Äbılqasymov B. және t.b. Qazaq ädebi tılınıñ sözdığı (Dictionary of the Kazakh literary language). On bes tomdyq. 15-tom. Алматы, 2011. 828 b. [In Kaz.]
- [8] Üderbaev A., Naqsbekov O. Qazaq ädebi tılınıñ sözdığı (Dictionary of the Kazakh literary language). On bes tomdyq. 12-tom. Алматы, 2011. 752 b. [In Kaz.]
- [9] Ozhegov S.I. Tolkovyі slovar' russkogo yazyka (Explanatory dictionary of the Russian language.). M.: Mir i obrazovanie, 2011. 736 s. [In Rus.]
- [10] Collins Cobuild Advanced Learner's English Dictionary. Glasgow: HarperCollins Publishers, 2003. 1744 p.
- [11] Levshin A. I. Opisanie kirgiz-kazach'ikh, ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei (Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes) // Etnograficheskie izvestiya. SPb.: Tip. Karla Kraiya, 1832. 304 s. [In Rus.]

[12] Qazaқтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі (Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names). Ensiklopedia. 1-tom. Almaty: TOO «Alem Damu Integrasia», 2017. 856 b. [In Kaz.]

[13] Oxford Advanced Learner's Dictionary of Current English. Oxford University Press. 1995.

[14] Deik Van T. Yazyk. Poznanie. Kommunikatsiya (Language. Cognition. Communication). Moskva, 1989. 312 s. [In Rus.]

[15] Süierqūlova B., Janūzaq T., Jūbaeva O. және т.б. Qazaq әдеби тілінің сөздігі (Dictionary of the Kazakh literary language). On bes tomдық. 3-tom. Almaty, 2011. 744 b. [In Kaz.]

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДИСКУРСА

*Наурызбайқызы Г.¹, Садирова К.Қ.²

¹ докторант, Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, Актөбе, Казахстан, e-mail: nauryzbaikyzy.kz@gmail.com,
² д.п.н., профессор, Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, Актөбе, Казахстан, e-mail: kulzat.sadirova@mail.ru

Аннотация. Дискурс является основной проблемой, рассматриваемой дискурсологией, направлением, сформированным в рамках антропоцентрической парадигмы языкознания. Дискурс отражает не только разные стратегии подачи информации, но и когнитивно отражает действительность, а это, в свою очередь, показывает, что можно говорить о национальной специфике дискурса.

Цель научного исследования: выявить национальные особенности казахского, русского, англоязычного дискурса путем сопоставления слов *бойтұмар*, *хан*, *богатство* и связанных с ними пословиц и поговорок, устойчивых выражений в качестве дискурсивной единицы. Основные направления и идеи: в ходе достижения поставленной цели был проведен научно-теоретический обзор работ, связанных с предложенной проблемой, концептуальный и дискурсивный анализ материалов исследования.

Научная значимость работы определяется четкой формулировкой особенностей национального дискурса: 1) в национальном дискурсе национальное поведение народа усваивается через язык стороной, владеющей языком; 2) в национальном дискурсе языковую личность формируют общественное сознание, образ жизни, нравы и ценности, чувство и восприятие мира своего народа; 3) система национального языка выполняет функцию источника, определяющего национальное поведение в дискурсе. Практическая значимость работы определяется представлением четкой модели концептуального анализа трех слов на казахском, русском, английском языках, тем самым возможностью для использования в работе других подобных направлений.

Краткая характеристика методологии исследования. Изучены слова *бойтұмар*, *хан*, *богатство* и связанные с ними пословицы, устойчивые выражения в когнитивном и лингвокультурном аспекте, взятые в качестве материала исследования. Изучены значения указанных единиц, зафиксированные в толковых, синонимических, фразеологических словарях, их информационное содержание и познавательный образ в преамбуле, с использованием метода концептуального и дискурсивного анализа.

Основные результаты и анализ, выводы исследовательской работы: за одной лексической формой в каждом языке могут скрываться различные понятия, возникающие на фоне его истории и культуры. Поэтому культурные, лингвистические, культурно-исторические, психологические и социальные факторы напрямую влияют на развитие дискурса. Результаты анализа показали, что не только язык, но и культура носителей этого языка играет решающую роль в непосредственном выражении национальных особенностей дискурса.

Ценность исследования заключается в том, что изучение дискурса в когнитивном и лингвокультурном аспектах, а также путем сопоставления единиц казахского, русского и английского языков дополняет, совершенствует теоретические выводы дискурсологии. Тот факт, что результаты работы могут быть использованы для других исследований в целях когнитивного и лингвокультурологического, сопоставительного исследования дискурса, определяет ее практическую значимость.

Ключевые слова: антропоцентрическая парадигма, дискурсивная единица, концептуальный анализ, национальный дискурс, культура, языковой коллектив, когнитивный образ, концепт.

NATIONAL FEATURES OF DISCOURSE

*Nauryzbaikyzy G.¹, Sadirova K.K.²

*¹PhD student, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: nauryzbaikyzy.kz@gmail.com,

²Doctor of Philological Science, Professor, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: kulzat.sadirova@mail.ru

Abstract. Discourse is the main problem considered by discursology, formed within the anthropocentric paradigm of linguistics. The discourse reflects not only different strategies of presenting information, but also cognitively reflects reality, and this, in turn, shows that it is possible to talk about the national specifics of the discourse.

The purpose of the scientific research: to identify the national characteristics of the Kazakh, Russian, English-language discourse by comparing the words бойтұмар (amulet), хан (king), wealth and related proverbs and sayings, set expressions as a discursive unit. Main directions and ideas: in the course of achieving the set purpose, a scientific and theoretical review of works related to the proposed problem, a conceptual and discursive analysis of the research materials were carried out.

The scientific significance of the research is determined by a clear formulation of the features of the national discourse: 1) in the national discourse, the national behavior of the people is assimilated through the language by the side that knows the language; 2) in the national discourse, the linguistic personality is formed by public consciousness, way of life, customs and values, feeling and perception of the world of its people; 3) the system of the national language performs the function of a source that determines national behavior in discourse. The practical significance of the work is determined by the presentation of a clear model of the conceptual analysis of three words in Kazakh, Russian, English, thereby suitability of its usage in other similar areas.

Brief description of the research methodology. The words boytumar, khan, wealth and related proverbs, stable expressions in the cognitive and linguocultural aspect, taken as research material, are studied. The meanings of these units, recorded in explanatory, synonymous, phraseological dictionaries, their informative content and cognitive image in continuity, are studied using the method of conceptual and discursive analysis.

The main results and analysis, conclusions of the research work: behind one lexical form in each language, various concepts can be hidden that arise against the background of its history and culture. Therefore, cultural, linguistic, cultural-historical, psychological and social factors directly influence the development of discourse. The results of the analysis showed that not only the language, but also the culture of the speakers of this language plays a decisive role in the direct expression of the national characteristics of the discourse.

The value of the study lies in the fact that the study of discourse in the cognitive and linguocultural aspects, as well as by comparing the units of the Kazakh, Russian and English languages, complements and improves the theoretical conclusions of discourse studies. The fact

that the results of the work can be used for other studies for the purpose of cognitive and linguoculturological, comparative research of discourse determines its practical significance.

Keywords: anthropocentric paradigm, discursive unit, conceptual analysis, national discourse, culture, language collective, cognitive image, concept.

Статья поступила 01.11.2022